Халықаралық ақпараттық-ағартушылық
«Global Atomic Quiz 2026» жобасын өткізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидалар «Global Atomic Quiz 2026» халықаралық ақпараттық-ағартушылық жобасын (бұдан әрі – Жоба) өткізу тәртібі мен мерзімдерін, оның ішінде Жобаға қатысу қағидаларын және Жоба қорытындыларын шығару тәртібін айқындайды.

Жобаның мақсаты – атом ғылымы мен технологияларын кеңінен насихаттау, халықаралық аудиторияның олардың адам өмірінің түрлі салаларында қолданылуы, атом саласының қазіргі жетістіктері мен даму перспективалары, сондай-ақ атом технологияларын бейбіт мақсатта пайдаланудың артықшылықтары туралы хабардарлығын арттыру.

Жобаның нысаналы аудиториясы (бұдан әрі – Қатысушылар) – осы Қағидаларда көзделген талаптарға сай келетін және шарттарды сақтайтын әлемнің кез келген елінен келген адамдарды қамтитын кең халықаралық аудитория.

Жобаға қатысу арқылы Қатысушылар осы қағидалармен (бұдан әрі – Қағидалар) толық келісетінін білдіреді.

Жоба осы Қағидалармен реттеледі, коммерциялық емес ақпараттық-ағартушылық іс-шара болып табылады және жарнамалық ынталандыру іс-шарасы да, лотерея да болып саналмайды.

Жалпы ақпарат

1.1. Атауы: «Global Atomic Quiz» халықаралық ақпараттық-ағартушылық жобасы.

1.2. Жоба www.quiz.atomforyou.com сайтында өткізіледі, Қатысушылардың орналасқан жеріне немесе қай мемлекетке тиесілі екеніне шектеу қойылмайды. Жобаны өткізуге байланысты туындайтын қатынастарға Ресей Федерациясының заңнамасы қолданылады.

1.3. Жобаның ұйымдастырушысы: Атом энергиясы бойынша ақпараттық орталықтарды дамыту жөніндегі «Болашақ энергиясы» автономды коммерциялық емес ұйымы («Болашақ энергиясы» АКЕҰ), ИНН 7726385219, КПП 772601001, заңды мекенжайы: 117105, Мәскеу қ., Варшава тас жолы, 3-үй (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.4. Жобаны өткізу мерзімдері:

1.4.1. Жобаны өткізудің жалпы мерзімі: 2026 жылғы 10 қарашадан бастап Жеңімпаздарға Сыйлықтар табысталғанға дейін, бірақ 2026 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей. Жобаны өткізудің жалпы мерзімі Қатысушылардың Жобаға қатысу үшін қажетті әрекеттерді жүзеге асыратын кезеңін, Ұйымдастырушының Жеңімпаздарды анықтауына қажетті уақытты, сондай-ақ Жоба қорытындысы бойынша Жеңімпаздарға Сыйлықтарды беруге қажетті уақытты қамтиды.

1.4.2. Жобаның негізгі бөлігін – атом технологияларының күнделікті өмірде қолданылуы мен атом саласының әлемдік жетістіктері туралы ғылыми-көпшілік викторинаның (бұдан әрі – Викторина) тапсырмаларын орындау кезеңі – 2026 жылғы 10

қарашада Қатысушының жергілікті уақыты бойынша (ол орналасқан жердің уақыт белдеуіне сәйкес) сағат 00:00:01-ден 23:59:59-ға дейін өтеді.

1.4.2.1. Қатысушының уақыт белдеуі оның құрылғысының геолокациясы (IP мекенжайы) бойынша автоматты түрде анықталады. Әр Қатысушы үшін Викторинаға қолжетімділік анықталған уақыт белдеуіне сәйкес автоматты түрде ашылып, жабылады, бұл әртүрлі елдерден келген Қатысушыларға тең жағдай жасайды.

1.4.2.2. Қатысушы өзінің орналасқан жері туралы мәліметтерді өзгертетін VPN сервистерін, прокси-серверлерді немесе өзге құралдарды пайдаланған жағдайда уақыт белдеуінің қате анықталуы және соның салдарынан Викторинаға қолжетімділіктің шектелуі үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

1.4.3. Жоба қорытындыларын шығару және Жеңімпаздарды жариялау мерзімі – 2026 жылғы 23 қарашадан кешіктірмей (осы күнді қоса алғанда).

1.4.4. Жобаға қатысу нәтижелері бойынша Жеңімпаздарға Қағидаларға сәйкес Сыйлықтар табыстау кезеңі – 2026 жылғы 23 қарашадан 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда.

1.4.5. Сыйлықтарды берудің нақты күндері кейінірек айқындалады және Ұйымдастырушы олар туралы Жоба Қатысушыларына бөлек хабарлайды.

1.4.6. 1.4.3–1.4.5-тармақтарында көрсетілген мерзімдерді Ұйымдастырушы Қатысушыларға www.quiz.atomforyou.com Жоба сайтында хабарлау арқылы өзгерте алады.

1.4.7. Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен (оның ішінде еңсерілмейтін күш жағдайлары, табиғи апаттар, Жеңімпаз орналасқан елде цифрлық сервистер мен өнімдерді ұсынуға шектеулер мен тыйымдар енгізілуі және басқа да себептер салдарынан) Сыйлықтарды Жеңімпаздарға табыстау мүмкін болмаған жағдайда, Жоба Қатысушылары бұл туралы қосымша хабардар етіледі. Мұндай жағдайда Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша байқау Сыйлықтарын беруден бас тартуға, оларды басқа Сыйлықтармен алмастыруға немесе беру мерзімдерін өзгертуге құқылы.

1.5. Жоба Қатысушыларын хабардар ету тәсілдері:

Жоба Қатысушылары Қағидалар, Жобаны өткізу мерзімдері мен нәтижелері туралы Интернет желісіндегі quiz.atomforyou.com сайтында, оның барлық тілдік нұсқаларын қоса алғанда (бұдан әрі – Сайт), хабардар етіледі.

Викторина басталғанға дейін Сайтта Жобаның сипаттамасы, Викторинаның басталуына дейінгі кері санақ, интерактивті ойын механикасы және Викторинаның басталуы туралы еске салуға жазылу нысаны қамтылған ақпараттық бет орналастырылады. Еске салуға жазылу Викторинаға қатысу үшін тіркелу болып саналмайды. Интерактивті ойын механикасы байқаудың бөлігі болып табылмайды, тіркелуді талап етпейді және Қатысушының Викторинадағы нәтижелеріне әсер етпейді.

1.5.1. Қағидалар Сайттың барлық тілдік нұсқаларында жарияланады. Қағидалардың орыс тіліндегі мәтіні мен басқа тілдерге аудармалары арасында алшақтық болған жағдайда орыс тіліндегі мәтіннің басымдығы болады.

1.6. Қатысушылармен және/немесе олардың ата-аналарымен не заңды өкілдерімен алғашқы байланыс, оның ішінде дербес деректерді тексеру, тек Жобаның

info@atomforyou.com электрондық пошта мекенжайынан жүзеге асырылады. Сайттың автоматты жүйелік хабарламалары (нәтижелер туралы хабарлама, сертификатты жіберу және т.б.) Жобаның электрондық пошта мекенжайынан жіберіледі.

2. Қатысушылар және Жобаға қатысу шарттары

2.1. Жобаның байқау бөлігіне Сайттағы тіркеу нысанын толтырған, жарамды әрі бірегей электрондық пошта мекенжайын көрсеткен және дербес деректерін өңдеуге келісім берген әлемнің кез келген еліндегі жеке тұлғалар қатыса алады. Тіркелмей Викторинадан өту мүмкін емес.

2.2. Өзі тұратын немесе азаматтығы бар елдің ұлттық заңнамасының (бұдан әрі – ұлттық заңнама) талаптарына сәйкес осы шарттарда көзделген әрекеттерді өз бетінше жасай алмайтын кәмелетке толмаған Қатысушылар мұндай әрекеттерді ата-аналары (немесе заңды өкілдері) арқылы және/немесе олардың көмегімен жүзеге асырады.

2.2.1. Кәмелетке толмаған Қатысушылардың ата-аналары (заңды өкілдері) осы Қағидалармен танысуға және ұлттық заңнамаға сәйкес барлық қажетті келісімдерді, оның ішінде кәмелетке толмаған адамның Жобаға қатысуына және оның дербес деректерін өңдеуге келісім беруге өздері жауапты болады.

2.2.2. Ұйымдастырушы кәмелетке толмаған Қатысушылардың Жоба аясындағы барлық әрекеттері ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің келісімімен не солар арқылы жасалған және ұлттық заңнамаға қайшы келмейді деп есептейді.

2.2.3. Кәмелетке толмаған Қатысушының ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қажетті келісімі алынбағаны анықталса, Ұйымдастырушы оны Жобаға қатысудан шеттетуге құқылы.

2.3. Жобаның байқау бөлігіне мына адамдар қатысуға жіберілмейді:

- Ұйымдастырушының қызметкерлері, оның мүдделерін білдіретін адамдар және олардың отбасы мүшелері;
- Ұйымдастырушымен шарттық қатынастары бар әрі Жобаны ұйымдастыруға және/немесе өткізуге қатысатын үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері;
- «Росатом» мемлекеттік корпорациясына кіретін кәсіпорындардың қызметкерлері мен өкілдері.

2.4. Жоба Қатысушылары, атап айтқанда, осы Қағидаларға сәйкес Жоба туралы ақпарат алуға құқылы.

2.5. Жоба Қатысушыларының мынадай міндеттері бар:

- Жоба өткізіліп жатқан кезеңде оның Қағидаларын сақтау;
- Жоба Қағидаларына сәйкес Ұйымдастырушыға өзі туралы шынайы ақпарат беру;
- бірден артық есептік жазба тіркемеу, басқа адамның деректерін, автоматтандырылған құралдарды (бағдарламаларды, скрипттерді, боттарды) және Викторинадан адал емес жолмен өтудің өзге тәсілдерін пайдаланбау;
- осы Қағидаларда көзделген өзге де міндеттерді орындау.

2.6. Қайта тіркелу, Викториналан қайта өту әрекеттері (оның ішінде Викторина өткізілетін күні бір IP мекенжайынан), сондай-ақ автоматтандырылған құралдарды пайдалану анықталған жағдайларды қоса алғанда, күдікті белсенділік танытқан Қатысушылардың Викторинаға қолжетімділігін бұғаттауға және/немесе олардың нәтижелерін байқау шеңберінде қарамауға Ұйымдастырушы құқылы.

3. Жоба байқауына қатысу тәртібі. Жоба Жеңімпаздарын анықтау

3.1. Жобаның байқау бөлігі аяқталғаннан кейін Қағидаларға сәйкес Ұйымдастырушыдан Сыйлықтар алатын Жеңімпаздар анықталады (бұдан әрі – Сыйлықтар).

3.2. Жобаның байқау бөлігіне қатысу үшін Қатысушы Сайтта тіркелуі керек. Викторинаға тіркелу және қатысуға өтінім беру бір процесс шеңберінде – тіркеу нысанын толтыру және ондағы деректерді Ұйымдастырушыға жіберу арқылы жүзеге асырылады.

3.2.1. Сайтта тіркелу үшін үміткер тиісті тіркеу нысанын толтырып, өзі туралы мынадай ақпаратты ұсынуы тиіс:

- Тегі, аты;
- Туған күні;
- Электрондық пошта мекенжайы;
- Елі;
- Дербес деректерді өңдеуге келісім беру белгісі (мұндай келісімсіз қатысу мүмкін емес), Құпиялылық саясаты мен осы Қағидаларды қабылдауды растау, сондай-ақ ақпараттық хабарламаларды алуға келісім беру.

3.2.2. Нысанды толтырғаннан кейін Қатысушы Викториналан өте алады; нәтижелерін тіркеу және сертификат алу мүмкіндігі барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін ғана қолжетімді болады. Қатысушыға жеке кабинет берілмейді.

3.2.3. Ұйымдастырушы тіркеу нысанын тиісті түрде толтырмаған (толық емес немесе дұрыс емес ақпарат енгізген) Қатысушыларды Жобаның байқау бөлігіне қатыстырудан бас тартуға құқылы. Тіркелгеннен кейін Қатысушы Сайтта тіркелу кезінде көрсеткен электрондық пошта мекенжайын өзгерте алмайды. Тіркелу кезінде көрсетілген тегі мен аты Қатысушының сертификатын ресімдеу үшін пайдаланылады.

3.3. Жеңімпаздар мынадай тәртіппен анықталады:

3.3.1. Тіркелген Қатысушылар Викторина тапсырмаларын орындауы тиіс.

3.3.1.1. Викторина Интернет желісіндегі quiz.atomforyou.com Сайтында, оның барлық тілдік нұсқаларында өткізіледі. Қатысушы Викториналан өту тілін өзі таңдайды.

3.3.1.2. Викторина атом технологияларының күнделікті өмірде қолданылуына арналған және бір күннің (таңертең, күндіз, кешке, түнде) оқиғалар желісімен біріктірілген 17 (он жеті) сұрақтан тұрады. Әр сұраққа 4 (төрт) жауап нұсқасы беріледі, олардың ішінен Қатысушы бір дұрыс жауапты таңдауы тиіс.

3.3.1.3. Қатысушы алдыңғы сұраққа жауап бергеннен кейін ғана келесі сұраққа өте алады. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін Қатысушыға дұрыс жауаптар мен олардың түсіндірмелері көрсетіледі.

3.3.1.4. Қатысушы Викторинадан тек бір рет өте алады: жарамды әрі бірегей электрондық пошта мекенжайы бар бір есептік жазба бойынша бір ғана аяқталған әрекет есепке алынады. Викторинадан бірнеше рет өткен (оның ішінде әртүрлі есептік жазбаларды пайдаланып) Қатысушылар байқауға қатысушылар ретінде қарастырылмайды.

3.3.1.5. Викторинадан өту уақыты таймер арқылы тіркеледі. Таймер Қатысушы Викторинаны бастау түймесін басқан сәтте іске қосылады және соңғы сұраққа жауап берілгеннен кейін тоқтайды. Өту уақыты жүйеде сақталады және Жеңімпаздарды анықтау кезінде ескеріледі.

3.3.1.6. Қатысушы Викторинаны аяқтамай тұрып Сайттан шықса немесе бетті жаңартса, оның әрекеті нөлге теңестіріледі: жауаптар мен жұмсалған уақыт сақталмайды.

3.3.1.7. Викторина аяқталғаннан кейін Қатысушыға оның нәтижесі (жинаған ұпай саны және өту уақыты) көрсетіліп, электрондық сертификат беріледі (Қағидалардың 4.1-тармағы). Қатысушы сондай-ақ Викторинаны бағалауға арналған қысқа міндетті сауалнамадан өтуі қажет; сауалнамаға қатысу ерікті және нәтижеге әсер етпейді.

3.3.1.8. Дұрыс жауаптардың саны мен Викторинадан өту жылдамдығы негізінде Қатысушылардың автоматты рейтингі қалыптастырылады. Қатысушы неғұрлым көп ұпай жинаса, оның рейтингтегі орны соғұрлым жоғары болады.

3.3.2. Қатысушының қорытынды ұпайы мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

3.3.2.1. Қатысушының қорытынды ұпайы Викторина сұрақтарына жауап беру жылдамдығы (уақыт коэффициенті) ескеріле отырып, дұрыс жауаптардың саны бойынша анықталады.

3.3.2.2. Қорытынды ұпай жиынтығы неғұрлым жоғары болса, Қатысушының рейтингтегі орны соғұрлым жоғары болады.

3.3.2.3. Бірнеше Қатысушының ұпайлары тең болған жағдайда Викторинаны жылдамырақ аяқтаған Қатысушы жоғары орын алады.

3.3.3. Жоба Жеңімпаздарын бекіту:

3.3.3.1. Жеңімпаздардың географиялық тұрғыдан теңгерімді ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатында Ұйымдастырушы 2026 жылғы 23 қарашаға дейін финалистер рейтингіне және өзі белгілеген елдік/өңірлік квотаға сәйкес Викторинаның 100 Жеңімпазын анықтайды. Ұйымдастырушы әр елге/өңірге арналған квотаны Жоба өткізілгеннен кейін Қатысушылардың елдер мен өңірлер бойынша жалпы бөлінісіне пропорционалды түрде айқындайды. Қатысушының елі тіркелу кезінде көрсетілген деректер бойынша анықталады.

3.3.3.2. Ұйымдастырушы осы Қағидалардың 1.4.2-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін 13 (он үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Жоба Сайтында барлық Жеңімпаздардың тегі мен атын, пайдаланушының бірегей сәйкестендіргішін (ID) көрсете отырып, олардың тізімін жариялайды. Жеңімпаздарға электрондық пошта арқылы да хабарламалар жіберіледі.

3.3.3.3. Ұйымдастырушы Жеңімпаздарға қойылатын талаптарға сәйкестігін және тіркелу кезінде көрсетілген деректерінің дұрыстығын тексеру үшін олармен электрондық пошта арқылы байланысады. Бұл ретте Ұйымдастырушы Жеңімпаздардан Сыйлықтарды

алуды ұйымдастыруға қажетті қосымша деректерді Жобаның электрондық пошта мекенжайына жіберуді талап етеді.

3.3.3.4. Егер Жеңімпаз хабарламаны алған сәттен бастап 4 (төрт) күнтізбелік күн ішінде Ұйымдастырушыға жауап бермесе және/немесе Ұйымдастырушыда тіркелу кезінде көрсетілген деректердің Қатысушының нақты деректеріне сәйкестігіне негізді күмән туындаса, оның ішінде электрондық пошта мекенжайы тіркелу кезінде көрсетілген мекенжайға сәйкес келмесе, Қатысушы дербес деректерін бұрмаласа, ойдан шығарылған және/немесе бөтен атпен тіркелсе, оның Жеңімпаз деп танылуы туралы шешімнің күші жойылады және Ұйымдастырушы жоғарыда сипатталған тәртіппен басқа Жеңімпазды таңдауға құқылы болады.

4. Жоба Қатысушыларына арналған Сыйлықтар

4.1. Викторинаны аяқтаған барлық Қатысушылар жеке аты-жөні жазылған электрондық қатысушы сертификатын алады. Сертификат Викторина аяқталғаннан кейін Қатысушы Викторинадан өткен тілдік нұсқада автоматты түрде қалыптастырылады және тіркелу кезінде көрсеткен тегі мен атын қамтиды. Қатысушы сертификатты жүктеп алып, оны өзінің электрондық пошта мекенжайына жібере алады және әлеуметтік желілерде бөлісе алады. Сертификат Викторинаны аяқтаған барлық Қатысушылар үшін бірдей болады және иеленген орынға қарай ерекшеленбейді.

4.2. Ұйымдастырушы белгілеген елдік/өңірлік квота мен финалистер рейтингіне сәйкес Жобаның байқау бөлігінің Жеңімпаздары 100 Қатысушыдан аспайды.

4.3. Жобаның байқау бөлігінің Жеңімпаздары цифрлық Сыйлықтар алады: білім беру платформаларының онлайн курстарына (оның ішінде шет тілдерін үйрену курстарына) қолжетімділік, премиум жазылымдар, қолданбалар мен бағдарламалық құралдарды пайдалану лицензиялары, сондай-ақ цифрлық сервистерге жазылымдар (бұдан әрі – Сыйлық).

4.3.1. Жеңімпаздар тізімі жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Ұйымдастырушы әр Жеңімпаздың электрондық пошта мекенжайына Сыйлықты алу тәртібі мен оған қажетті ақпарат тізбесі көрсетілген хат жібереді.

4.3.2. Жеңімпаз Сыйлықты өз электрондық пошта мекенжайына жіберілген жеке сілтеме арқылы ашылатын сыйлықтар бетіндегі ұсынылған тізімнен таңдайды. Сыйлықтарды таңдау Жеңімпаздардан өтінімдердің түсу ретімен жүзеге асырылады.

4.3.3. Әр түрдегі Сыйлықтардың саны қатаң шектелген. Егер таңдалған Сыйлық бұрын бөлініп қойса, Жеңімпаз қалған Сыйлықтардың арасынан басқа нұсқаны таңдай алады. Ұйымдастырушы Сыйлықты беру мүмкін болмаған жағдайда оны баламалы Сыйлықпен алмастыру құқығын өзіне қалдырады.

4.3.4. Кейбір Сыйлықтарды пайдалану еліне байланысты шектеулер болуы, Жеңімпаздың тиісті сервисте есептік жазбасының болуы талап етілуі немесе өзге іске қосу шарттары белгіленуі мүмкін; мұндай шарттар сыйлықтар бетінде көрсетіледі. Тиісті сервистің шарттары мен шектеулеріне немесе Жеңімпаз елінің заңнамасына байланысты Сыйлықты пайдалану мүмкін болмағаны үшін Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

4.3.5. Сыйлықтар Жеңімпаз көрсеткен электрондық пошта мекенжайына белсендіру кодын, сыйлық сертификатын (gift-код) жіберу немесе тиісті сервис қарастырған өзге тәсіл арқылы беріледі. Сыйлықтардың ақшалай баламасы төленбейді және оларды ақшаға айырбастауға болмайды.

4.4. Финалистер рейтингіне және Ұйымдастырушы белгілеген елдік/өңірлік квотаға сәйкес Жобаның байқау бөлігінің 3 (үш) Жеңімпазы бас жүлдені – 2027 жылы Ресейге сапарды (бұдан әрі – Бас жүлде) алады.

4.4.1. Бас жүлдені алған Жеңімпаздарға сапардың шарттары, күндері, бағдарламасы және қатысушылар құрамы туралы ақпарат Сайтта тіркелу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына 2027 жылғы наурыздан кешіктірілмей бөлек жіберіледі.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Жобаны ұйымдастыруға және өткізуге байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілуге тиіс. Келіссөздер арқылы реттелмеген даулар Ресей Федерациясының материалдық және іс жүргізу құқығына сәйкес Ұйымдастырушы орналасқан жердегі сотта шешіледі.

5.2. Осы Қағидаларда көзделген барлық құжаттарды алу және Жобаға қатысу үшін қажетті барлық әрекеттерді жасау шығындарын Қатысушылар, олардың ата-аналары және/ немесе заңды өкілдері өздері көтереді.

5.3. Қарапайым қолжазба нысанындағы барлық құжаттар анық әрі түсінікті жазылуы тиіс. Сканерленген көшірмелер мен фотокөшірмелер толық оқылатын болуы тиіс, әйтпесе Ұйымдастырушы оларды жарамсыз деп тануға құқылы.

5.4. Ұйымдастырушыға байланысты емес себептермен Сыйлықтарды жоспарланған мерзімде беру мүмкін болмаған жағдайда Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша оларды беруден бас тартуға немесе беру мерзімдерін өзгертуге құқылы. Мұндай жағдайда Қатысушы Жобаға қатысуына байланысты қандай да бір өтемақы талап етуге құқылы емес.

5.5. Ұйымдастырушы Жобаны өткізуге және оның аясындағы кез келген әрекеттерді жүзеге асыруға, оның ішінде Сайттың жұмысын қамтамасыз етуге және Сыйлықтарды беруге үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

5.6. Қатысушылардың дербес деректері Сайтта жарияланған Құпиялылық саясатына және тіркелу кезінде берілген дербес деректерді өңдеуге келісімге сәйкес өңделеді.

5.7. Осы Қағидалар Викторинаның Сайтта онлайн форматта өткізілуін реттейді. Жоба аясындағы офлайн іс-шаралар (егер өткізілсе) Ұйымдастырушының жеке құжаттарында белгіленген тәртіппен өткізіледі.